

## 15 – лекция: Қорытынды сабақ

XX ғасыр басында алмасқан қоғамдық құрылыстар мен жіктелген екі дәуірдің шекарасында өмір сүріп, сол бір аласапыран заманның шындығын әдебиет тілінде үлкен суреткерлікпен бейнелеген қаламгердің бірі — Жүсіпбек Аймауытов. Ол қазақ халқының отаршылдық пен ішкі ауқатты топтың екі жақты езгісіне қарсы тәуелсіздік үшін күрес идеясымен сусындап, әдеби шығармашылығын төңкеріс тұсында бастады да, оны 20-жылдары айрықша дамытып жетілдірді. Ақын, драматург, прозашы, публицист, сыншы, аудармашы Жүсіпбек бұл кезде әдебиеттің көптеген жанрларында өнімді жұмыс істей жүріп, осы жанрлардың ұлттық әдебиетімізде орнығуына, шеберлік жағынан жетілуіне аса зор еңбек сіңірді. Қоғамдық дамудың бағыт-бағдары мен заманның қайшылықты сипаты жайлы кең толғанып жазды. Сөйтіп, ол азаттық, бостандық ұраны астында туған жаңа әдебиеттің көш бастаушыларының легінде болды.

Жүсіпбектің өміріне қатысты деректер де көп сақталмаған. Қазіргі бізге белгілі мәліметтер жазушының 1928 жылы Смағұл Садуақасовтың сұрақтарына берген жауабынан алынып жүр. Смағұлдың кейбір жазушылардың өмірі мен шығармашылығы жайлы жинаған сауалнамасы М.Әуезовтің мұрағатында сақталып, кейін Жүсіпбек ақталғаннан кейін ғана жарық көрді. Одан кейінгі бірқатар мәлімет С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) кітабында келтірілген. Жазушы өміріне қатысты бұлардан басқа арқа сүйер деректер жоқтың қасы. Кейінгі жылдары Жүсіпбек ақталғаннан кейінгі жиналған мәліметтер арасында да оның өмірбаянын толықтыратын деректер көп емес. Жазушыны білетін адамдар да, жақын туыстары да бүгін аз қалған. Жас қалған балаларының белгілі жайларға қосары шамалы. Дегенмен, бұрынғы мәліметтер, соңғы деректер, мұрағат жаңалықтары, бірен-саран жазушыны білетін адамдардың естеліктері негізінде қазір Жүсіпбектің өмірі жайлы ұғым-түсініктің өрісі бірсыпыра кеңейіп қалды.